

ҰРПАҚТЫҢ ЕРКІН ОЙЫ - БАСТАУЫШТА

Еліміздің білім ошақтарында заман талабына сай жас ұрпақтың сана көзін ашудағы жауапкершіліктің мәні зор. Әсіресе, мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап, оң-солын таныған шаққа дейінгі (5-сынып) аралықтағы кезең кез келген ұстаз үшін үлкен міндетті қажет етеді.

Ең алдымен мектептің және педагогтарының жас ұрпақ үшін ата-анамен жүргізетін жұмысы күнделікті өмірде тығыз болуы тиіс. Бұл міндетті ең алдымен сынып жетекшісі қамтамасыз ететіні түсінікті. Ол мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыруда жетекші қызмет атқарады. Мектептің баланы тәбиелуге қатысты саясатын отбасының түсінуі осы мамандықтағы ұстаздың дұрыс түсіндіре білуіне байланысты. Сол орайда мұғалім мен ата-ананың өз арасындағы ықпалдастық әрдайым назарда болатыны да бәрімізге мәлім жайт. Сондықтан сынып жетекшісінің осы бағыттағы жұмысының негізіне мектеп пен ата-аналар және балалардың өзара қарым-қатынасы мен әрекетінде бірлікте, ынтымақтастыққа қол жеткізу, ол үшін баланың дамуына жағымды көңіл-күй мен жағдай жасау болып табылады. Дегенмен, бала тәрбиесіне олардың бір-біріне айтар ақыл-кеңесі ауадай қажет болып отырғаны да шындық. Уақыт ағымына сай әрі күнделікті ақпараттық технология дамып жатқан шақта қай отбасы үшін де өз баласының өмір жалғасы ретінде қарауына назар аударуы басты міндет.

Өліппені таныған күннен бастап, алғашқы білім табалдырығының оқушы сана-сына қалай әсер ететіндігін осы мамандықтағы ұстаздардың барлығы да түсіне білсе керек.

Шын мәнінде бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу көп ізденуді, еңбек етуді қажет етеді. Әсіресе, сынып жетекшісіне жүктелер жауапкершілік мол. Оны оқушылардың ата-аналармен тығыз болған жағдайда ғана талапқа сай жұмыстар жүргізуге болады. Сол үшін ата-аналар

да бұл бағыттағы білім беру бағытына сергек қарай білсе, ол отбасы үшін де теңдессіз жетістік болып саналары анық. Осы орайда бастауыш сынып жетекшісінің ата-аналармен міндетті әрі мақсатты түрде жұмыс істеуі тиістігі де баршамызға мәлім.

Әрине, қай отбасында болсын, қабілетсіз бала болмайды. Оның бойындағы дарын көзін ашуға бірінші кезекте бастауыш сынып мұғалімдері бірден назар аударады. Өз тәжірибемде күн сайын оқып беруге ынталы, жатқа айту жадысы зерек, есептік ойындарға жүйрік балалармен үнемі байланыста боламын. Бұл менің ұстаз ретіндегі басты парызым екені түсінікті.

Осы тұрғыда ата-аналармен сөйлесу мазмұны әртүрлі тақырыптарға байланысты. Мәселен, бала жақсы оқып, мектептегі тәртібі де тамаша, бірақ, қоғамдық пайдалы жұмысқа ынтасы жоқ болса, ата-аналарға алдын-ала ескерту, оларға дұрыс кеңес беру өте қажет. Бастысы баланың дарындылығын дамыту мәселесінен туындайды.

Биыл еліміздің Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толып отырғаны – ел тарихындағы елеулі оқиға. Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, «Ата-бабамыздың аңсаған арманы – Тәуелсіздік болса, оның болашағы жарқын, іргесі бекем болуы егемен мемлекетіміздің алдағы тірегі болатын бастауыш сынып оқушыларының білім ошағынан енеге-тәрбие көруіне тікелей қатысты.

Аяужан РАЙЫСХАНОВА,
«Шаған кенті»
№24 ЖНББМ» бастауыш
сынып мұғалімі

Тұрғындардың назарына!

Суық суға түскен адамның гипотермиясымен күресу қиын шегіне дейін температурасының төмендеуін болдырмауға және сонымен қатар көмек көрсеткен уақытқа дейін суда қауіпсіз болуын ұзартуына әкеледі.

Судағы адам денесінің температурасы қауіпті деңгейге дейін төмендеу уақыты көптеген себептерге: көбінесе адамның жасына, тері астындағы

ТОҢАЗУ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ ҚАЖЕТ?

майға, ағзаның шыныққандығына, және тағы да басқаға байланысты болады. Бұл сондай-ақ киіміне және судағы адамның іс-қимылына да қатысты. Дымқыл киімнің өзі қоршаған ортаға дене жылуын беруді баяулатады, сондықтан бұл жағдайда дене температурасы су температурасынан 4-5 есе жоғары сақталуы мүмкін. Әркім, туристік және спорт кемелерінде,

шағын серуендеу кемелерінде, қайықтарда, сыртта да болатындығын ескере отырып бірнеше қабат киім киюі керек. Іш киімнен, жүннен тоқылған киімнен басқа үстіне жағасы мен жеңі денеге жабысып тұратын синтетикалық минералдан тігілген күртеше киген жөн. Мұндай киім ауа қабатшасын сақтап, судың денеге өтуін азайтады.

ГИПОТЕРМИЯ КЕЗІНДЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ

Гипотермияның екі түрі болады - жеңіл және ауыр. Жеңіл түрі кезінде құтқарылған, есін біліп, бірақ қатты дірілдеп жатса дымқыл киімін шешіп, құрғақ киім кигізу қажет. Ыстық немесе тәтті су немесе шай ішкізген жөн. Жылы орында кебуге мүмкіндік беру керек.

Ауыр түрінде-құтқарылған адам есінен жартылай танып жатса және ажал аузында болса, жылы орынға жатқызып, мазамай үстінен су киімдерін шешіп, оны уқалауға болмайды. Бетін жоғары қаратып басын елпеген төмен еңкейтіп, құспайтын жағдайда жатқызу. Бұл қанның миға келуіне мүмкіндік береді. Зардап шеккен адам өздер демалып жатса ауыз арқылы қолдан дем алдыру керек. Келесі тәсілдердің біреуімен кешіктірмей белсенді жедел түрде құтқарылған адамды жылыту қажет.

- Қолды суға малғанда өздер шыдайтындай температурамен ыдыстағы ыстық суға отырғызу саусақтарына қанның келуін баяулату үшін, құтқарылғанның қолы мен аяғы

суда болмау керек.

- Шамамен ыстық суға малынған орамалды басына, мойнына, кеудесіне ішіне жабу керек, аяқ-қолы жылытылмайды.

- Зардап шеккенді өзіңнің денеңмен жылыту үшін өзіңе құшақтап қысып көрпемен қымтанып оранып алу керек.

Барлық жағдайларда да зардап шеккендерге ішімдік сусындарын беруге болмайды. Егер ол есінен танып жатса тамақ және су беруге болмайды, биологиялық өлім белгілері байқалмағанша көмек көрсетуді тоқтатпаңыз.

Айтбек ҚАЙРБЕКҰЛЫ,
Семей қаласы құтқарушылар бөлімшесінің бас құтқарушысы

Тәуелсіз ел болу - өз алдына жеке мемлекет болуды мұрат еткен ата-бабаларымыздың сан ғасырлық арманы. Тәуелсіздік - ащы термен келген тәтті жеңіс, қайсар рух пен төзімділіктің жемісі болып табылатын баға жетпес байлығымыз. Бүгінде, Қазақстан Республикасының әлем картасында пайда болып, бейбітшіліктің бесігінде тербеліп жатқанына отыз жыл толып отыр. Ең алғаш тәуелсіздігіміз жарияланған күннен бастап, осы аралыққа дейінгі отыз жыл аясында мемлекетіміз жаңа реформалар мен стратегиялық жобаларды құрастыру арқылы біршама жетістіктерге қол жеткізіп, дүниежүзі елдеріне танылып үлгерді.

“ТӘУЕЛСІЗДІК - ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ”

Өткенімізді зерделей отыра, тәуелсіздікке жету жолындағы үш тарихи маңызды оқиға деп, «Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы» Декларациясы, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Заңы, Қазақстанның тұңғыш Ата-Заңының қабылданғанын атап өтуге болады.

Келесі кезекте, еліміздің ширек ғасыр шеңберінде бағындырған ең негізгі жетістіктеріне тоқтала кеткеніміз жөн. Тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерін, яғни Әнұранын, Елтаңбасын, Туын қабылдады. Әрбір мемлекеттің өз заңдары мен талаптары болуы қажет. Осы негізде, 1993 жылы 23 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің тоғызыншы сессиясы еліміздің тұңғыш Конституциясының жобасын баптары бойынша қабылдауды бастаған болатын. Екі жылға жуық әзірленіп, сессияда үш оқылымда талқыланған мұндай маңызды құжатты қабылдау әр сатыда қызу пікірталасқа ұласып отырды. Сөйтіп, 1993 жылдың 28 қаңтары тәуелсіз Қазақстан тарихына тұңғыш Конституциямыздың қабылданған күні болып енді.

Ал 1993 жылдың 15 қарашасы тұңғыш ұлттық валютамыз – теңге дүниеге келді. 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданып, біршама өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Тағы бір маңызды орын алатын оқиғалардың бірі 1997 жылғы 10 желтоқсанда Елордамызды Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшірілуі болды. Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. Еуразияның қақ жүрегінде орналасқан арман қала, бейбітшілік нышаны - Нұр-Сұлтан қаласы - қазіргі таңда мемлекетіміздің жасампаздығының, ұлылығының белгісіне айналды. Еліміздің елдігін, егемендігін айқындайтын негізгі белгілерінің бірі - әрине, мемлекеттік тіл. Тәуелсіздік арқасында, қаншама жыл бойы езілге түскен ана тіліміз қайта жаңғырды. Алдағы уақытта, еліміз қуатты болса, мемлекеттік тілдің болашағы да шуақты болатыны анық деп нық сеніммен айта аламыз.

Шыны керек, осы күнге дейінгі жеткен то-

лағай табыстарымыздың көбі Тұңғыш Президентіміз - Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізген парасатты саясатының нәтижесі еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін, Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр. Сондықтан да Тәуелсіздік күні жас мемлекетіміз үшін біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар, өткенге деген тағзымды, болашаққа деген сенімді білдіретін айтулы мерекеміз болып табылады. XXI ғасыр білімді жастардың қолында болғандықтан, қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласына басты назарды аудару керектігін атап мөлмеді. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының ішінде, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім саласынан көш бастап тұр. Мемлекетіміздің білімі мен ғылымы саласын жетілдіріп, халықаралық аренада бәсекеге қабілеттігін таныту үшін, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық құқық кафедрасы әлемдік деңгейдегі ең үздік жобаларда бақ сынап, жүлделі орындарға ие болуда. Сонымен қатар, факультетімізде оқытушылар мен студенттер арасында тұрғылы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойына байланысты ерекше форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылып, белсенді түрде өткізіліп жатыр.

Елбасымыз - Н.Назарбаев бір сөзінде, «Біздің ендігі міндетіміз - егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отыра, XXI ғасырда орнықты дамуды жалғастыру» деген болатын. Сол себепті, қастерлі Тәуелсіздігімізді баянды етіп, болашақта елімізді тек биіктерге жетелеп, білім саласын жоғарғы деңгейге көтеріп, құқықтық жүйемізді дамыту - біздің басты парызымыз.

Л.НЫСАНБЕКОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Халықаралық құқық кафедрасының
PHD докторы, доценті,
Д.СЕРІКҚАНОВА,
Халықаралық құқық
мамандығының 4-курс студенті

ПӘТЕР АЛЫП БЕРУГЕ УӘДЕ ЕТКЕН

Жақында Семей қаласы ПБ Орталық бөлімшесінің «102» жедел арнасына 57 жастағы жергілікті тұрғын жүгініп, 2021 жылғы маусым – қыркүйек аралығында оның танысы ақшалай сыйақы үшін мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер алуға көмектесуге уәде бергенін айтқан. Ұсынысқа жәбірленуші бірден келісіп, кейін ол 1 000 000 теңгені сеніп берген.



Сол күні осыған ұқсас қылмыс бойынша Семей қаласының 38 жастағы тұрғынынан арыз келіп түсті.

Қазан айының ортасында алаяқтық алдау жолымен сенімге кіріп, автокөлікті кепілден сатып алу сылтауымен оның ақшасын иемденгені анықталды. Келтірілген залал 500 000 теңге сомасына бағаланды.

Жедел-іздік шаралары барысында қриминалдық полиция қызметкерлері күдіктіні

қолға түсірді, ол 51 жастағы жұмыссыз қала тұрғыны болып шықты, ол ұрланған қаражатты жеке қажеттіліктеріне жұмсағанын түсіндіріп, осы қылмыстарды жасағанын мойындады.

Полиция қызметкерлері қаскөйді ұстағаннан кейін, алаяқтың тағы 2 құрбаны полицияға жүгінді.

Сол жылдың 27 қазанында Семей қаласы ПБ Орталық ПБ 64 жастағы зейнеткер мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер сатып алуға көмектесемін деген желеумен, күдіктінің 90 000 теңге сомасындағы ақша қаражатын иемденгені туралы айтқан.

Алаяқтың төртінші құрбаны 32 жастағы қала тұрғыны болды, ол схема бойынша жоғарыда аталған әйелдің 216 000 теңге ақша қаражатын иемденген.

Аталған фактілер бойынша ҚР ҚК - нің 190-бабының 3-бөлігі 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

ШҚО ПД баспасөз қызметі